ҚОҒАМ



ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ БОЛУЫ КЕРЕК

2-бетте

АЙМАҚ

ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛЫП, ЖОСПАР БЕКІТІЛГЕН

3-бетте

АҚПАРАТ

ЕЛ АУМАҒЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

4-бетте

SALYQ TÁRTIBI

Газет 1994 жылғы наурыздан шығады

www.salyq-gazet.kz РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ saltar61@mail.ru | №29 (1888) 15 наурыз 2025 жыл

ПРЕЗИДЕНТ

ҚАЗАҚСТАН ЕУРООДАҚТЫҢ ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ НЕГІЗГІ ӘРІПТЕСІ БОЛЫП ҚАЛА БЕРЕДІ

Мемлекет басшысы Халықаралық серіктестік жөніндегі еуропалық комиссар Йозеф Сикеланы қабылдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Еуропа Одағының жоғары мәртебелі өкіліне ілтипат білдіре отырып, еліміз маңызды сыртқы экономикалық және инвестициялық серіктес ретінде Ұйыммен жан-жақты стратегиялық ынтымақтастыққа басымдық беретінін айтты.

– Қазақстан Еуропа Одағының Орталық Азиядағы негізгі әріптесі болып қала береді. Серіктестікті кеңейту және ынтымақтастық туралы келісім біздің көпжоспарлы өзара ықпалдастығымызды тереңдетудің берік негізін қалайды, – деді Мемлекет басшысы.

Йозеф Сикела кездесу үшін Президентке ризашылығын жеткізіп, Еуропа Одағы аймаққа айрықша назар аударып отырғанын атап өтті.

– Халықаралық серіктестік жөніндегі комиссар ретінде алғашқы сапарыма баса мән беремін. Орталық Азияның бес еліне келу жөнінде шешім қабылдауым бекер емес. Бұл – Еуропа Одағының Қазақстанмен және аймақтың басқа мемлекеттерімен анағұрлым терең әрі орнықты байланыс орнатуға ниетті екенін айқын көрсетеді, – деді еурокомиссар.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Йозеф Сикела көлік дәліздерін, логистикалық инфрақұрылымды, орнықты энергетика мен цифрлық шешімдерді дамыту бойынша қазіргі уақытта жүзеге асырылып жатқан және жаңа экономикалық жобаларға ден қоя отырып, екіжақты күн тәртібінің нақты мәселелерін талқылады.

Сонымен қатар, өңірлік және жаһандық өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасып, халықаралық аренадағы, соның ішінде «Орталық Азия – Еуропа Одағы» форматы аясында әдіс-тәсілдерді одан әрі үйлестіруге дайын екендіктерін растады.

AKORDA.KZ.

ИНВЕСТИЦИЯ

ГЕРМАНИЯЛЫҚ ИНВЕСТОР ӘРІПТЕСТІКТІ НЫҒАЙТУҒА МҮДДЕЛІ

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров Германияның «Medal Holding GmbH» компаниясының директоры әрі құрылтайшысы Әнуар Үмбетаевпен кездесті. Кездесуде қос тарап әріптестікті нығайту, инвестициялық жобаларды жүзеге асыру жолдарын қарастыру жөнінде келіссөз жүргізді. Өңір басшысы Түркістан облысында инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын жеткізіп, бірлесе жұмыс істеуге шақырды.

– Түркістан өңірінің инвестициялық әлеуетіне қызығушылық танытып, арнайы келгеніңізге алғысымды білдіремін. Облысымыз бизнес жасауға өте қолайлы әрі жұмыс күшімен, адам капиталымен лайықты қамтылған. Аймақтан «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық магистралы өтеді. Ол да кәсіпкерлікті дамытуға қосымша

мүмкіндік береді. Ауылшаруашылығы, туризм және қайта өңдеу салалары бойынша инвестициялық жобаларға басымдық берілген. Жобаларды талқылап, бірлесе жұмыс істеуге дайынбыз, – деді Нұралхан Көшеров.

Германиялық компания өкілдері 2023 жылы қос мемлекеттің Президенттерінің қатысуымен өткен Қазақстан-Германия бизнес-форумында жасалған меморандум әріптестікті нығайтуға серпін бергенін атап өтті. Компания электр стансасын салу, қатты тұрмыстық қалдықтарды өңдеу, құрылыс материалдарын шығару, құм, тас, фосфорит өндіру, заманауи зауыттар салумен және өзге де жобалармен айналысатынын жеткізді. Қос тарап әріптестікті нығайтып, жобаларды зерделеуге уағдаласты.

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

КЕҢЕС

ЖАҢА АУДАНДАРДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ШЕШІЛЕДІ

Жамбыл облысының әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен өткен кеңесте Тараз қаласында құрылған екі ауданды дамыту, қызмет көрсету сапасын арттыру және өзекті мәселелерді шешу жоспарлары жан-жақты талқыланды.

Аймақ басшысы бұған дейін екі ауданды аралап, мәселелерімен танысқанын айтып, оларды өзектілігіне сәйкес уақыт созбай кезең-кезеңімен шешу қажеттілігіне баса назар аударды.

Айта кетейік, Тараз қаласында «Әулиеата» және «Жібек жолы» атауларымен екі аудан құрылды. Оларға Жамбыл және Байзақ аудандарынан 46145 халқы бар 14 елді мекен қосылды (34 білім беру, 10 денсаулық сақтау, 21 спорт, 7 мәдениет нысаны қосылды). Бүгінде тараздықтардың саны 480 мың адамнан асты.

Тараз қаласының әкімі Бақытжан Орынбеков үш жылға арналған Жол картасына сәйкес білім саласында 1 мектепті күрделі, 4 мектеп пен 3 балабақшаны ағымдағы жөндеу, 2 мектепке автобус сатып алу жоспарланып отырғанын жеткізді. Мәдениет саласында 2 клуб ғимаратын күрделі, 1 мәдениет үйін ағымдағы жөндеу, тұрғындардың сұранысы бойынша 4 спорт алаңшасын жөндеу, 1 футбол алаңшасының құрылысын жүргізу жоспарлануда. Сонымен бірге тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық инфрақұрылымын жаңғырту, жолдарды жөндеу, көшелерді жарықтандыру, су жүйелерін қалпына келтіру және тұрғындарға өзге де қолайлы жағдай жасау міндеті тұр.

Кеңес барысында облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Жайдарбек Құттыбаев, білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ләззат Қызылқұлова, денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерік Мұсабаев баяндама жасады.

– Екі аудандағы елді мекендер мен әлеуметтік нысандарды аралап, бірқатар мәселелермен таныстым. Инфрақұрылымдық желілермен қамту, нысандарды жөндеуден өткізуге қатысты өзекті жағдайлар аз емес. Сондықтан, үш жылдық даму жоспарын қайта қараңыздар. Тұрғындардың өтініштері, ұсыныс-пікірлерін назардан тыс қалмауы тиіс. Барлық мәселе бюджет мүмкіншілігіне қарай, кезең-кезеңімен шешімін табуы керек, – деді Ербол Қарашөкеев қала басшылығына.

Облыс әкімі қосылған елді мекендер бойынша құжаттарды тезірек рәсімдеу, қоғамдық көлік қатынасы, қайталанатын көше атаулары, әлеуметтік нысандардың жай-күйі, көрсетілетін қызметтердің сапасы, жұмысшылардың жалақыларын уақытылы беру секілді көптеген мәселелерге көңіл бөлді.

– Екі ауданның құрылғанына үш ай болды. Шешімін күткен мәселелер әлі де аз емес. Біз тұрғындар үшін кедергілер емес, барынша жайлы орта қалыптастыру керекпіз. Қалаға қосылған елді мекендердің көше атауларының қайталануы жедел жәрдем, полиция қызметінің шұғыл әрекет етуіне кедергі болары анық. Мәселені салалық басқармалар мен қала басшылығы бақылауға алып, тезірек реттеу қажет, – деді облыс әкімі.

Ербол Қарашөкеев полиция департаментіне қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, әлеуметтік нысандарды қала теңгеріміне өткізу жұмыстарын жедел аяқтау жүктеді.

ЖАМБЫЛ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

СУ ТАСҚЫНЫНА ДАЙЫНДЫҚ

ОБЛЫС БЮДЖЕТІНЕН 139 МИЛЛИОН ТЕҢГЕ БӨЛІНДІ

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті.

Қазіргі таңда Шардара су қоймасынан Сырдария өзенінің төменгі ағысына секундына 500 текше метр су жіберілсе, оның 200 текше метрі Көксарай су реттегішіне алынуда. Облыс аумағына секундына 378 текше метр су келіп түсуде. Ықтимал су тасқынының алдын алудың кешенді шаралары үйлестіріліп, «2024-2025 жылдардағы қысқы-көктемгі кезеңде Сырдария өзеніндегі үлкен көлемдегі суды қауіпсіз өткізу» жоспары бекітілді.

Өзен суы магистральді каналдар мен көлдер жүйесіне жіберу арқылы реттелуде. Су басу қаупі бар аймақтарға арнайы техника, күш-құралдары бар жауапты мекемелер бекітілген. Тасқынға қарсы қажетті материалдық-техникалық қор да, халықты көшіру пункттері де дайын. Жергілікті атқарушы органдар, төтенше жағдайлар мен су шаруашылығы мамандары тәулік бойы кезекшілікте.

Облыс бюджетінен 139 миллион теңге бөлініп, «Қазавиақұтқару» акционерлік қоғамымен жасалған келісім-шартқа сәйкес екі тікұшақ дайындыққа келтірілді. Мұз жарумен айналысатын арнайы мамандандырылған мекемемен келісім-шарт жасалған. Өткен жылы үш нысандағы қорғаныс бөгеттеріне облыстық бюджеттен 130 миллион 500 мың теңге бөлініп, тиісті жұмыс жүргізілді. Бұдан бөлек, бюджеттен тыс қаржы көздері есебінен 20 нысан жөндеуден өтті.

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҮКІМЕТ

ДАЙЫНДЫҚ ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ БОЛУЫ КЕРЕК

Премьер-Министр Олжас Бектеновтің төрағалығымен Су тасқынына қарсы шараларды үйлестіру және қарғын су жүру кезеңінің салдарын жою жөніндегі республикалық штаб отырысы өтті.

Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев өңірлердегі гидрометеорологиялық жағдай туралы баяндады. «Tasqyn» жүйесіндегі су тасқыны жағдайын моделдеу нәтижелері туралы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев, су нысандарының жағдайы туралы Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, ықтимал су тасқынына қарсы жедел әрекет етуге күштер мен құралдардың дайындығы туралы Төтенше жағдайлар министрі Шыңғыс Әрінов баяндама жасады. Ақмола, Қостанай, Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының әкімдері өңірлерде елді мекендерді су басудың алдын алу бойынша атқарылып жатқан шаралар туралы баяндады.

13 наурыздағы жағдай бойынша еліміздің қар басып жатқан аумағы 67 пайызды құрайды. Экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев Қызылорда, Түркістан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Атырау және Маңғыстау облыстарында қазірдің өзінде қар ери бастағанын айтты. Бұл ретте еліміздің солтүстік-батысында, солтүстік-шығысында және орталығында тоңның қалың болуы байқалып отыр. Қостанай облысында 150 сантиметрге дейін және одан да көп, Ақмола облысында – 139 сантиметрге дейін, Павлодар облысында – 159 сантиметрге дейін, Қарағанды облысында 132 сантиметрге дейін тоң бар. Болжамдарға сәйкес, наурыз және сәуір айлары жылы болады деп күтілуде, еліміздің басым бөлігінде жауын-шашын мол болады, бұл су тасқыны қаупін арттырады.

«Қазгидромет» биыл алғаш рет әрбір өңір бойынша су шығынының ең жоғары деңгейін, гидрологиялық бекеттер бойынша ағын көлемін көрсететін және қауіпті аймақтағы елді мекендерді анықтай отырып, егжей-тегжейлі ақпарат берді. Көктемгі су тасқынын тудыратын факторларға жүргізілген талдау су басу қаупі бар аймақтарды анықтауға мүмкіндік берді. Тасқын қаупі жоғары аймаққа Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Ақмола, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақтөбе, Абай, Ұлытау облыстары, қауіп деңгейі орташа аймаққа Алматы, Жетісу, Жамбыл, Батыс Қазақстан және Атырау облыстары жатады.

Су басу қаупін азайту мақсатында уәкілетті органдар Ақмола, Батыс Қазақстан, Ұлытау, Қарағанды және Солтүстік Қазақстан облыстарының су тасқыны қаупі бар елді мекендерін аралап, шұғыл шаралар қабылдау жөнінде тапсырмалар берді.

Қазіргі уақытта ТЖМ құрамында 37 мыңнан астам адам, 13 мың техника, 4 мыңнан астам су айдау қондырғысы және 640 жүзу құралы бар азаматтық қорғау қызметтерінің күштері мен құралдарын топтастыру орындары белгіленді. ТЖМ әуе кемелері – тәулік бойы кезекшілікте. Сонымен қатар, жалпы саны 1 мыңға жуық қызметкер, түрлі мақсаттағы 120 техника, 123 су айдау және 39 жүзу құралы бар ТЖМ күштері мен құралдарының резерві дайындалды.

«Мемлекет басшысы су тасқынының алдын алу шараларына басымдық беруді тапсырды. Үкімет су тасқынының алдын алу және кері әсерін жоюға бағытталған ұйымдастырушылық-профилактикалық, инженерлік-техникалық және жедел шаралар қабылдауда. Дегенмен, аймақтардың дайындығы жоғары деңгейде болуы керек. Әкімдіктер елді мекендерді тасқын судан қорғау үшін кешенді шаралар қабылдауы тиіс. Олардың айналасын топырақ үйінділерімен бекітіп, бірінші кезекте сырттан келетін суды бөгеу керек. Су өткізу құрылыстары, көпірлер мен тюбингтер қатып қалған мұз бен қоқыстардан тазартылып, қарғын суды өткізіп жіберуге дайын болуы тиіс. Өзен арналарын тазартып, бекіту қажет. Дала өзендерінің бітелуге айналған жерлерін кеңейту керек. Су басу қаупі жоғары елді мекендерде күштер мен құралдарды, оның ішінде тиісті техниканы дайындау қажет. Эвакуация орындарын анықтаңыздар. Олар тіршілікке қажетті барлық құралдармен жабдықталуға тиіс», — деп атап өткен Премьер-Министр бірқатар тапсырма берді.

Төтенше жағдайлар министрлігінің алдына мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, еліміздегі су тасқыны жағдайына тәулік бойы мониторинг жүргізу міндеті қойылды. Жағдай күрделене түссе, қосымша күштер мен құралдарды енгізу бойынша шаралар қабылдау, олардың әрекеттерінің ықтимал нұсқаларын анықтау қажет.

Атырау облысының әкімдігіне Жем мен Қиғаш өзендеріндегі қауіптің жоғары екенін ескере отырып, су айдындары бойында орналасқан елді мекендерді қорғау бойынша қажетті шаралар қабылдау тапсырылды.

Мәдениет және ақпарат министрлігіне жауапты органдармен бірлесіп, ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейту тапсырылды.

ҚР ПРЕМЬЕР-МИИСТРІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ЖАҺАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН

БІЗДІҢ ҰСТАНЫМЫМЫЗ-БЕЙБІТШІЛІККЕ БАҒЫТТАЛҒАН СЫРТҚЫ САЯСАТ

Қазақстан Республикасының сыртқы істер министрлігі өзінің ресми сайтында ведомствоның 2024 жылғы жаһандық ынтымақтастықты нығайтудағы жұмысы, сыртқы саясаттың негізгі жетістіктері туралы баяндады.

«Қазақстан БҰҰ Жарғысына қатаң сәйкестікте кең ауқымды көпжақты ынтымақтастыққа бейілділігін айқын көрсетіп отыр. Бұл туралы Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылғы қыркүйектегі халыққа Жолдауында мәлімдеді. Мемлекет басшысы еліміздің халықаралық қауіпсіздік пен тұрақтылық мәселелерін шешуде белсенді рөл атқаратынын атап өтті», делінген онда.

2024 жылы Қазақстан бірқатар беделді халықаралық ұйымдар мен платформаларға төрағалық етті, бұл өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі өзекті мәселелерді шешуге ықпал етті. Шанхай ынтымақтастық ұйымына (ШЫҰ), Түркі мемлекеттері ұйымына (ТМҰ), Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңеске (АӨСШК), Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына (ҰҚШҰ), Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуіне және Халықаралық Аралды құтқару қорына (ХАҚҚ) табысты төрағалық ету Қазақстанның халықаралық ықпалын нығайтудағы маңызды қадам болды, сондай-ақ дипломатиялық мүмкіндіктерді кеңейтті.

Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалық ету барысында экономикалық ынтымақтастықты, қауіпсіздікті, экологиялық бастамаларды және цифрлық трансформацияны қоса алғанда, кең ауқымды тақырыптарды қамтитын 160-тан астам іс-шара өткізілді. Шарттық база қатысушы елдер арасындағы ынтымақтастықты нығайтатын 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Қазақстан Еуразия экономикасының, саудасының, көліктік және логистикалық байланысының континенттік белдеуін қалыптастыруға бағытталған Ұйымның 2035 жылға дейінгі даму стратегиясына бастамашы болды. Төрағалықтың басты іс-шарасы ретінде алғаш рет «ШЫҰ плюс» форматында өткен Астана саммиті болды.

АӨСШК төрағалығының негізгі жетістігі институционалдық дамудың жаңа кезеңіне көшу болды. Трансформацияның «жол картасы» аясында Жарғы мен Рәсімдер ережелері әзірленді, Сенім шараларының каталогы жаңартылды, Даналар кеңесі, Талдау орталықтарының форумы және АӨСШК қоры құрылды. Қазақстан қатысушы елдердің өзара іс-қимылын цифрландыру бойынша бастама көтеріп, деректер мен талдамалық материалдармен алмасу платформасын іске қосты.

Түркі мемлекеттерінің ұйымына төрағалық ету «TURKTIME!» ауқымды бағдарламаның іске қосылуымен ерекшеленді, сондай-ақ мәдени және экономикалық интеграцияны нығайтуға ықпал етеді. Мемлекет басшысының осы бастамасы аясында білім беру, ғылыми зерттеулер және кәсіпкерлік саласындағы жобалар іске асырылды. Тұрақты өкілдер механизмі құрылды, мемлекеттік рәміздер біріздендірілді, стратегиялық жобаларды қолдауға бағытталған Инвестициялық қор құрылды. Қатысушы елдер арасында 45 миллиард АҚШ долларынан асқан өзара сауданың айтарлықтай өсуі экономикалық ынтымақтастықтың артып келе жатқанын көрсетеді.

ҰҚШҰ-ға төрағалық ету барысында Қазақстан трансшекаралық қылмыс, терроризм және есірткінің заңсыз айналымы сияқты өзекті қатерлерге қарсы іс-қимыл жөніндегі бастамаларды ілгерілетуге назар аударды. Мемлекет басшыларының кездесулерін, тақырыптық дөңгелек үстелдер мен әскери жаттығуларды қоса алғанда, 80-нен астам іс-шара өткізілді. Тәжік-ауған шекарасын нығайту бағдарламасы бойынша 10 жылдық жұмысты аяқтауға ерекше назар аударылды.

Халықаралық Аралды құтқару қорындағы Қазақстандық төрағалықтың (2024-2026 жылдары) күш-жігері ХАҚҚ жетілдіру процесін аяқтауға, өңірдің су-энергетикалық ресурстарын басқарудың өзара тиімді механизмін әзірлеуге, экологиялық бағдарламалардың уақтылы және сапалы іске асырылуын қамтамасыз етуге, сондай-ақ климаттың өзгеруінің салдарын еңсеру мақсатында келісілген шаралар қабылдауға шоғырланған.

Қазақстанның Су дипломатиясы аясында 2024 жылы Қытаймен, Ресеймен және Орталық Азия елдерімен трансшекаралық өзендер бойынша 35-ке жуық отырыс өткізілді. Қырғызстанмен және Өзбекстанмен Шу, Талас және Сырдария трансшекаралық өзендері арқылы Қазақстанға су беру туралы уағдаластыққа қол жеткізілді. Қытаймен Ертіс және Іле сияқты 20-дан астам өзендер бойынша келіссөздер жүргізілуде. Еліміздің БҰҰ-дың Халықаралық су ағындарын кеме қатынасынан басқаша пайдалану түрлерінің құқығы туралы конвенциясына қосылуы маңызды қадам болды.

2024 жыл Орталық Азия мемлекеттерімен көпжоспарлы ынтымақтастықты нығайту тұрғысынан серпінді жыл болды. Мемлекет басшысының «Орталық Азияның Ренессансы: орнықты даму мен өркендеу жолында» бағдарламалық мақаласы өңірдегі бауырластық қатынастардың, тату көршілік пен стратегиялық серіктестіктің форматын белгіледі.

Әзербайжан Президенті, БҰҰ Бас хатшысының ОА жөніндегі арнайы өкілі және БҰҰ Орталық Азия үшін превентивті дипломатиясы жөніндегі өңірлік орталығының басшысының қатысуымен Орталық Азия мемлекеттері басшыларының консультативтік кездесуінің 6-шы отырысын өткізу маңызды болды. Саммит қорытындысы бойынша «ОА-2040» Өңірлік кооперацияны дамыту тұжырымдамасына, 2025-2027 жылдарға арналған Өңірлік ынтымақтастықтың «жол картасына», сондай-ақ 2025-2027 жылдарға арналған Өнеркәсіптік кооперацияны дамыту жөніндегі іс-қимыл жоспарына қол қойылды.

Бұдан басқа Қазақстан қақтығыстарды реттеуде делдал бола отырып, халықаралық дипломатияда маңызды рөл атқаруды жалғастыруда. Астана процесі аясында біз Сирия дағдарысы бойынша келіссөздер алаңын ұсындық. Қазақстан негізгі қатысушыларды біріктіреді және ымыралық шешімдерге қол жеткізуге ықпал етеді. Сондай-ақ ел өңірлік қақтығыстарды шешу үшін «халықаралық медиация орталығын» құру туралы ұсыныс жасады, бұл профилактикалық дипломатия механизмдерін дамытудағы маңызды қадам болады.

Қазақстан әлемдік саясатқа интеграцияның жоғары дәрежесін көрсетіп отыр. Еліміз энергетика, көлік, сауда және цифрлық технологиялар салаларындағы ірі өңірлік жобаларға бастамашы болып отыр. Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту, «Бір белдеу – бір жол» жобасы аясындағы ынтымақтастық және Еуразиялық экономикалық одаққа белсенді қатысу еліміздің жаһандық экономикалық байланыстарды нығайтуға бейілділігін растайды. Жасыл технологиялар мен экономиканы декарбонизациялау жөніндегі бағдарламаларды енгізу Қазақстанның халықаралық күн тәртібінің маңызды бөлігіне айналды. Еуропалық одақ және Таяу Шығыс елдерімен орнықты даму және энергетика саласындағы ынтымақтастықты кеңейту маңызды аспект болды.

Министірліктің айтуынша, Қазақстан бейбітшілікке бағытталған сыртқы саясат ұстануды жалғастырады. Ел Еуразиялық кеңістікте қауіпсіздікті, орнықты даму мен өркендеуді қамтамасыз етуге елеулі үлес қосуда. БҰҰ, ДСҰ және басқа да халықаралық ұйымдардың жаһандық бастамаларына қатысуды кеңейту, жетекші державалармен стратегиялық серіктестікті дамыту және экономикалық дипломатияны тереңдету елдің сыртқы саясатының негізгі басымдықтары болып қала береді.

А. ӘБІЛ.
Жамбыл облысы.

БАСПАНА

МЕМЛЕКЕТТІК ТҰРҒЫН ҮЙ ҚОРЫНАН БЕРІЛЕТІН ҮЙДІ ЖЕКЕШЕЛЕНДІРУГЕ БОЛАДЫ

2024 жылғы қарашада Мемлекет басшысы «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне тұрғын үй саясатын реформалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойған болатын. Заң былтыр 4 желтоқсанда қолданысқа енді. Бұрын берілген жалға берілетін тұрғын үйді сатып алу құқығынсыз жекешелендіру мүмкіндігі қарастырылған.

Жекешелендіру тәртібі жалпы алғанда өзгеріссіз қалады. Атап айтқанда, Тұрғын үй қалдық құны бойынша (баланстық құнның 2 пайызы мөлшерінде, физикалық тозуды шегергенде) жекешелендіріледі.

Егер тұрғын үй құны 15 миллион теңгеге дейін болса, сатып алушы 10 жылға дейін бөліп төлеу мүмкіндігіне ие болады. Құны 15 миллион теңгеден асса, төлем мерзімі 15 жылға дейін ұзартылып, тұрғын үй құнының 10 пайызын бастапқы жарна ретінде төлеу арқылы сатып алу құқығы беріледі.

Мемлекеттік тұрғын үй қорынан өздері тұратын тұрғын үйді өтеусіз алуға келесі санаттардың құқығы бар:

• ҰОС мүгедектері мен қатысушылары;

• I және II топтардағы мүгедектігі бар адамдар;

• Чернобыль атом электр стансасына қатысқан адамдар;

• Семей ядролық сынақ полигонында зардап шеккен азаматтар;

• Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа да мемлекеттерде әскери қызметін өткеру кезінде жарақатануы, контузия алуы, мертігуі салдарынан болған мүгедектігі бар адамдар деп танылған әскери қызметшілер;

• Арал маңындағы экологиялық қасірет салдарынан зардап шеккендер;

• Әскери қызметшілер, Ішкі істер министрлігі және арнайы жасақтарда 20 жылдан астам жұмыс өтілі бар мемлекеттік органдар;

• Ғарышкерлікке кандидаттар, ғарышкерлер;

• Саяси қуғын-сүргіндер құрбандары, саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар;

• Ішкі істер органдарының күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлері және теріс себептер бойынша қызметтен шығарылғандарды қоспағанда, қызметтен шығарылған және күнтізбелік есеппен жиырма және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар қызметкерлер, сондай-ақ күнтізбелік есеппен он және одан да көп еңбек сіңірген жылдары бар және мүгедектігі бар балаларды асырап-бағып отырған қызметкерлер құқылы. Ішкі істер органдарының берілген қызметтік тұрғын үйді жекешелендіруге құқығы бар зейнеткері қайтыс болған жағдайда, жекешелендіру құқығы қайтыс болған (қаза тапқан) адамның отбасы мүшелеріне өтеді.

Бұдан бөлек, әлеуметтік осал топтар мен бюджеттік ұйымдардың 10 жылдан астам жұмыс істеген қызметкерлері де өз пәтерін сатып ала алады. Пәтерді жекешелендіру үшін «Kezekte.kz» электрондық жүйесіне өтінім беру қажет. Тұрғын үй қорынан тек бір ғана тұрғын үйді жекешелендіруге құқылы (купондық тетік арқылы жекешелендіруді қоспағанда).

Бұрын жекешелендірілген тұрғын үйде негізгі жалға алушының отбасы мүшесінің үлесі 50 пайыздан аз болған жағдайда, бұл оның мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді жекешелендіру құқығын жүзеге асыруына кедергі келтірмейді.

ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫ ӘКІМІНІҢ БАСПАСӨЗ ҚЫЗМЕТІ.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН

КӨЛІК САЛЫҒЫН ҚАШАНҒА ДЕЙІН ТӨЛЕУ КЕРЕК?

Мемлекеттік кірістер комитеті 2024 жылға арналған көлік салығын төлеу мерзімі 2025 жылдың 1 сәуірінде аяқталатынын хабарлады.

Салық сомасы 2024 жылғы айлық есептік көрсеткішке (3692 теңге) негізделіп есептеледі. Көлік иелері төлеуге тиісті соманы «kgd.gov.kz» веб-порталындағы калькулятор немесе «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасы арқылы тексере алады.

Салық органдары жыл сайын көлік құралдарына салынатын салықты автоматты түрде есептейді. 2025 жылғы 11-31 наурыз аралығында есептелген салық сомасы туралы ақпарат банктердің мобильді қосымшалары арқылы «PUSH» хабарлама түрінде жіберіледі.

Салық сомасын тексеру үшін:

• «kgd.gov.kz.» веб-порталындағы «Жеке тұлғалар үшін алдағы төлемдер» сервисін.

• «e-Salyq Azamat» мобильді қосымшасын.

• Екінші деңгейлі банктердің мобильді қосымшаларын пайдалануға болады.

Н. ҒАЛЫМ.
Жамбыл облысы.

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

ЖҰМЫС ТОБЫ ҚҰРЫЛЫП, ЖОСПАР БЕКІТІЛГЕН

Қарағанды облысында Мемлекет басшысы жариялаған «Жұмысшы мамандықтарының жылын» іске асыру аясында жүйелі шаралар қабылдануда. Облыс әкімдігі білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісованың айтуынша, өңірде жұмысшы маманның беделін арттырып, техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің реформасын іске асыруда жұмыс тобы құрылып, жоспар бекітілген.

ДУАЛЬДЫ ОҚЫТУ ДАМЫТЫЛАДЫ

Жоспар аясында адал еңбекті және еңбек адамын насихаттайтын материалдар орталық алаңдар мен негізгі көлік бағыттарына орналастырылыпты. Түрлі салалардағы инновациялар, жетістіктерді, сондай-ақ мансаптық өсудің табысты мысалдарын көрсететін жұмысшы мамандықтары жетістіктерінің облыстық көрмесін өткізуге дайындық жұмыстары жүргізілуде. Бұл жастардың жұмысшы мамандығын таңдауына қосымша ынталандыру болмақ.

– Өңірдегі ірі кәсіпорындардың соңғы технологияларды қарқынды енгізуін ескере отырып, бірінші кезекте техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін реформалау арқылы кадрларды даярлау сапасын арттыру бойынша нақты шараларды қабылдаймыз. Бүгінде облыста 33 мыңнан астам студент оқитын 52 колледж жұмыс істейді. Кадрларды даярлау 126 мамандық, 178 біліктілік бойынша жүргізіледі. Биыл біз колледждердегі мемлекеттік тапсырыс көлемін 1100 орынға көбейтіп, 9244 адамды қабылдадық, – дейді Гүлбақыт Жүнісова.

Басқарма басшысының сөзіне сүйенсек, «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында дуальды оқытуды дамыту көзделген. Бұл ретте кәсіпорындармен өзара тиімді ынтымақтастықтың жаңа форматын енгізіп, колледждерді ірі бизнестің қамқорлығына беру маңызды.

Бүгінде колледждерді кластерлеу 8 жетекші бағыт бойынша жүргізілуде. Бұл тізімде білім беру, құрылыс, көлік, энергетика, «IT» және байланыс, тау-кен өндіру, жеңіл өнеркәсіп, ауылшаруашылығы саласы бар.

– Әр сала бойынша тірек (құзыреттілік орталығы) және магниттік колледждер, кәсіпорындар және облыстағы мектептермен бағыттар айқындалды. Бұл жұмысқа жоғарғы оқу орындары да тартылады. Осы мақсатта өңірдің жаңа мамандықтар атласы әзірленді. Ол мемлекеттік тапсырысты қалыптастыру барысында ескерілетін болады. Осыған орай, ағымдағы жылы «Полимерлік өндіріс технологиясы», «Жылжымайтын мүлікті басқару», «Газбен жабдықтау жүйелерін пайдалану», «Гидротехникалық құрылыс» және «Гидротехникалық мелиорация» мамандықтарын ашатын боламыз, – деп атап өтті білім басқармасының басшысы.

КӘСІПТІК БАҒДАР БЕРІЛЕДІ

Оның айтуынша, алдағы уақытта кәсіптік бағдар беру жұмыс берушілермен тығыз қарым-қатынаста жүзеге асырылмақ. Бұл жұмысқа мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндер де тартылмақ. Өңірлік «WorldSkills» чемпионаты аясында «Жас Skills», сондай-ақ алғашқы рет «Бөбек Skills» кәсіби шеберлік конкурсы өткізіледі. Оқушылар үшін жергілікті кәсіпорындарға экскурсиялар, «мансаптық апталар» ұйымдастырылады. Мектептерде профильді сыныптар құру жұмыстары жалғасын табады. Қазіргі уақытта мектептерде қызмет көрсету, авто, агро, құрылыс, «IT» және басқа да бағыттар бойынша 50 профильді сыныптар құрылуда. Жазда колледждер базасында профильді лагерлер ұйымдастырылады.

Биыл сондай-ақ түрлі себептермен мамандығын өзгертуге шешім қабылдаған ересек адамдарға көңіл бөлінеді. «Жұмыс тап» жобасы жалғасып, түрлі жастағы азаматтарға арналған бағдарламалар колледждер базасында жүзеге асырылатын болады. Жұмыспен қамту, мансаптық өсу және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері ақпараттық науқан аясында «Жастар практикасы», «Әлеуметтік жұмыс орындары», «Қоғамдық жұмыстар», «Бірінші жұмыс орны», «Қысқа мерзімді кәсіптік оқыту» сияқты негізгі мемлекеттік бағдарламаларды, сондай-ақ «Күміс жас» және «Алтын жас» сияқты әртүрлі жас топтарын қолдауға бағытталған жобаларды қамтуға ерекше назар аударылатын болады.

ЗАМАНАУИ ШЕБЕРХАНАЛАР МЕН ЗЕРТХАНАЛАР

Биыл сонымен қатар, өңірдің жетекші компанияларында түрлі кәсіби сайыстарда жүлделі орын алған 50 үздік түлек өз мамандықтары бойынша жұмысқа орналасады. Облыс колледждерінде заманауи жабдықтармен жарақтандырылған екі заманауи құзіреттілік орталығы және он шеберхана құрылатын болады.

– Біз бұл бағытта өңірдің «Qarmet» АҚ, «KazakhmysSmelting», «QazTehna», «Kama-TyresKZ», «Silk Road Electronics» ЖШС және басқа да ірі кәсіпорындарымен белсенді жұмыс жасаймыз. Моноқалаларда және ауылдық жерлерде орналасқан колледждердің қызметіне ерекше назар аударып, Балқаш және Теміртау қалаларында орналасқан шағын колледждерді ірі колледждерге қосу арқылы ірілендіру жұмысын жүргіздік. Бұл ірі колледждердің ресурстары арқылы шағын колледждердің әлеуетін көтеруге мүмкіндік береді. Биыл аталған ғимараттарда өңірлік сұранысқа сай су шаруашылығы, туризм бойынша заманауи шеберханалар мен зертханалар ашылатын болады, – дейді Гүлбақыт Серікжанқызы.

Сонымен қатар, биыл студенттер саны аз ауылдық колледждердің базасында кәсіптік бағдарлаудан бастап, ересектерді оқытатын орталық құру жоспарда. Бұл жоба ауылдағы жасөспірімдер ғана емес, 10-11 сынып оқушыларының және ересек азаматтардың жұмысшы мамандықтарды игеруіне мүмкіндік беретін заманауи орта болмақ. Басқарма басшысының айтуынша, қазіргі таңда Теміртау және Қарағанды қалаларында орналасқан екі жоғарғы политехникалық колледжді халықаралық аккредиттеуден өту мәселесі пысықталуда. Бұл да түлектердің жұмысқа орналасу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Алдағы уақытта еңбек адамының оң имиджін қалыптастыру мақсатында жұмыскерлер арасында кәсіби шеберлік конкурстары ұйымдастырылып, ардагерлер, үздік шеберлер мен жас жұмысшылар туралы шағын сериалдар мен әлеуметтік роликтер жасалады. Осылайша «Еңбек адамы» үздік бейнесі үшін конкурс өткізу арқылы жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру жоспарланып отыр.

А. СОВЕТ.
Қарағанды облысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

КӨПБАЛАЛЫ АНА ГРАНТ ҰТЫП, КӘСІБІН БАСТАДЫ

Қазақстанда бүгінде өз ісін ашып, адал еңбекпен табыс тауып келе жатқан азаматтардың саны артып келеді. Осындай кәсіпкердің бірі – Құлпынай Нұрланқызы. Ол қайтарымсыз грант ұтып, өз тігін шеберханасын ашып, той-томалаққа арналған әдемі себеттер жасаумен айналысып жүр. Құлпынайдың еңбегі шынайы еңбекқорлық пен шеберліктің көрінісі.

Құлпынай Нұрланқызының кәсіпкерлік жолы, әсіресе көпбалалы ана үшін, ерекше маңызға ие. Ол қайтарымсыз грантты ұтып алғаннан кейін, жеке кәсібін бастауға мүмкіндік алды. Өзінің кәсібі жайлы айтып, Құлпынай:

– «Мен негізі тігін өнерін оқыдым. Магистратураны да аяқтап, кәсіппен айналысуды мақсат еттім. Мемлекет тарапынан берілетін қайтарымсыз грантты ұтып, осы мақсатымды іске асырдым. Қазіргі таңда сұранысқа ие кәсіп деп толығымен айта аламын. Халық көбінесе құдалыққа арналған әдемі себеттерді тапсырыс береді. Инстаграмда жұмыс істеп, еліміздің түкпір-түкпірінен тапсырыстар алып жатырмын. Мысалы, алғашқы сұранысым Ақтау қаласынан болды. Осыдан кейін үздіксіз сұраныстар түсе бастады», дейді.

Құлпынай Нұрланқызының айтуынша, қайтарымсыз грант туралы туысқандарынан естіп, көпбалалы ана ретінде осы мүмкіндікті пайдаланып қатысқан. Грантты ұтып алғаннан кейін ол лазерлік станок, тігін машинасы, әйнек пен корзинаның бұрыш-бұрышын қайыратын аппарат сияқты бірнеше маңызды жабдықтарды сатып алған. Осы құралдардың көмегімен Құлпынай өз шеберханасында сапалы әрі әсем бұйымдар жасап, тапсырыстарын уақытында орындауда.

– «Біз бұл жұмысты жолдасым екеуіміз бірге атқарамыз. Ол ағашын кесіп, каркас құрастырады, мен матамен қаптап, сәндеймін. Бір тапсырысқа шамамен бір апта уақыт кетеді. Кәсіпті бастаушы адамға айтарым, ең бастысы – кез келген кішкентай нәрсені кәсіпке айналдыра білу. Ал, мақсатты алға қойып, оған жету үшін күш-жігеріңді жұмсау керек. Бұл жолда мемлекетіміздің қолдауы өте маңызды. Қайтарымсыз грант мені қолдап, кәсібімді дамытуға мүмкіндік берді», – дейді Құлпынай Нұрланқызы.

Құлпынайдың еңбегі көпбалалы ана ретінде өз ісін дамытуға қол жеткізгенін көрсетеді. Кәсіпкер болашақта кәсібін кеңейтіп, жаңа бұйымдар тігу мен жаңа бағыттарға да қадам басуды жоспарлап отыр.

Г. ЖЫЛҚЫБАЕВА.
Жамбыл облысы.

ЖАС КӘСІПКЕР

БИЗНЕСІМ ҚОНЫСТОЙДАН БАСТАЛДЫ

Екінші курс студентімін. Оқуыма барып-келіп жүргеніммен, ойым сан сақта. Оқуым бір жақтан, қосымша табыс табуды да ой елегінен өткіземін. Бір шаруамен айналысайын десем реті келмейді. Күзде үлкен үйімізді бітіріп, қоныстой жасадық.

Қонақтарға арнап, тәтті әзірлеп, дастарқанға қойдым. Жалпы, дастарқан мәзірін дайындауды мектепте оқып жүрген шақтан ұнатамын. Келген сыйлы қонақтарымыз тәттілерінің дәмін татып, тәнті болатын. Бұл жолы да ағайын-туыстан мақтау естіп, қуанып қалдым. Сол сәттен бастап жаңа ойлар келе бастады.

Осылайша қоныстойды өткіздік. Күндер өтіп жатты. Ақылы бөлімде білім алғандықтан, ата-анама салмақ салмай, оқуымның ақысын өзім төлегім келді. Көп ойландым, қай салаға жақын екенімді зерттедім. Зерттей келе, кондитерлік кәсіпке жақын екенімді түсіндім. Қоныстойда дайындаған тәтті қонақтарға ұнағанын ескеріп, хоббиімді табыс көзіне айналдыруды жөн санадым. Ата-анам бірден қолдады. Жаңа жылдың қарсаңында тәттіні үйден пісіріп, анам екеуміз дүкендерге өткізе бастадық. Кейбір дүкендер СЭС-тен анықтама, «сызықтық код» және жеке кәсіпкер деген куәлік болмағандықтан, алып барған тауарлардан бас тартты. Көңіл-күйім түсіп, «әрі қарай қайтемін?» деген үрей бойымды биледі. Осы сәтте анам мені қолдап, әкеммен ақылдасып, өндірістік бөлім ашуға бел будық. Бір апта жақсылап ойланып, жоспар құрып, ата-анаммен Алматы қаласына жол тарттық. Елге танымал «ЯЛАН» базарынан өндірістік бөлімге керекті құрал-жабдықтарды алып, керемет көңіл-күймен қайттық. Келесі жоспарда жеке кәсіпкерлік куәлігін, СЭС-тен анықтама куәлігін, «сызықтық код» және жалға орынжай алу болды. Талдықорған қаласына келе салысымен, осы жұмыстарды іске асырдық. Осылайша өз кәсібімді ақырындап жүргізе бастадым.

Бастамасы оңай болған жоқ. Көп еңбек еттім, барлығына өзім жауапты болдым. Сатып алушылар менің тәттімді мақтан етіп отыратын. Мақтаудан кейін, жұмыс істеуге деген ниетім арта түсетін. Қазіргі таңда «ИП Жетписбаева» кәсібінің жүріп тұрғанына бір жыл болды. Өнімімізді сатып алушылар көбейді. Осылайша, қоныстойдан бастау алған ойларымды іске асырып, кәсіпкер атандым. Жаңадан іс бастағысы келетін жандарға еш қорықпастан, өзінің ұнататын ісімен айналысуға кеңес беремін. Адам өзі жақсы көретін іспен айналысқанда шаршамайды, жалықпайды. Керісінше, сол істен ләззат алады. Кәсіп болғандықтан, оның тек қызығы емес, шыжығы да болады. Кедергілерге мойымай, алға қарай ұмтылу қажет. Әр қиындықтың соңында өмірдің сыйы барын ұмытпайық!

Е. ЖЕТПІСБАЕВА,
Жетісу университетінің студенті.
Жетісу облысы.

ЕҢБЕК АДАМЫ

ТЕМІР ТҰЛПАР ТІЗГІНДЕГЕН АРУ

Бүгіндері қыз балалар меңгермеген мамандық, олар бағындырмаған биік қалмаған болар, сірә?! Орайы келгенде Қаскелең қаласындағы автобус паркінде қызмет ететін нәзік жанды жалғыз жүргізуші Әйгерім Жензақова жайлы әңгімелеуді жөн көрдік. Оның қыздарға тән емес тағы бір хоббиі бар. Ол – қыран құстарға, бүркітшілікке деген ерекше қызығушылығы.

Ертеректе темір тұлпар тізгіндеген әйелдер қауымын сирек кездестіруші едік. Бүгінде бұл қалыпты көрініске айналған. Дегенмен, қоғамдық көліктің жүргізушісі болу әйелдер үшін әлі де болса күрделі де ауыр жұмыс саналатыны рас. Бірақ, Әйгерім өз таңдауымен осы қалыптасқан түсінікті бұзуға үлесін қосып келеді.

Әйгерім Жензақова Бекболат ауылында дүниеге келген. Әкесі Қайдар Қаскелең автобус паркінде 25 жылдан астам уақыт жүргізуші болып еңбек еткен. Әйгерім кішкентай кезінен әкесімен бірге жұмыс орнына барып, оның көлігін жөндеуге көмектесіп, көп уақытын сонда өткізетін.

– Көлік басқаруды әкемнен үйрендім. Ол маған көліктің тежегіші мен «газын» қалай дұрыс қолдану керектігін түсіндіретін. Үнемі «Қызым, тыңда және есіңде сақта. Болашақта бұл саған пайдалы болады» деп ескертуден жалыққан емес. Кейін мен әкемнің автобусында кондуктор болып еңбек жолымды бастадым. Міне, сол кезде жүргізуші болу арманыма айналды, – дейді Әйгерім Қайдарқызы.

Дегенмен, әкесі мен анасы қыздарының бұл таңдауын бірден қолдамағаны рас. Сондықтан орта мектепті бітірген жылы шешесінің кеңесімен Үшқоңыр су шаруашылығы колледжіне түсіп, бухгалтерлік есеп және аудит мамандығын меңгереді. Бірақ, диплом алғанымен, ол бұл мамандық бойынша жұмыс істемейді. Себебі, ол саланы өзіне жақын санамайды. Кейін анасы Әйгерімге компьютерлік сауаттылық курстарын тәмамдауға кеңес береді, бірақ бұл бағыт та оны қызықтырмайды. Қызының алған бетінен қайтпайтын қайсарлығы мен сенімділігін көрген анасы оның жүргізуші болуына ақыры келісімін береді. Нәтижесінде Әйгерім Қаскелең автобустар паркіне жұмысқа тұрып, жүргізуші болып қызмет атқара бастайды.

Жүргізуші әйелді көргенде жолаушылар түрліше сезімде болады екен. Көпшілігі алғашында таңқалатыны рас. Әйгерімнің сабырлы мінезі, адамдармен достық қарым-қатынасы, айналасындағылармен тіл табысу қасиетінің арқасында ешқашан жолаушылармен жанжалдасып көрген емес.

– Қоғамдық көлікті басқару үлкен жауапкершілікті және күш-қуат пен төзімділікті талап етеді. Бұлар кәдімгі жеңіл көліктерден әлдеқайда күрделі. Өз өмірің ғана емес, жолаушылардың тағдыры үшін де жауап бересің. Көлік жолда бұзылып қалғанда, көмекке әріптестерім келеді. Бірақ, менде бұл жағынан да тәжірибе бар. Менің әкемнен алған дәрістерім көп көмегін көрсетеді. Сонымен қатар, көлікке тек жақсы көңіл-күймен отыру керек, өйткені бұл жолаушыларға әсер етеді. Он жылдан астам уақыт ішінде мен әртүрлі адамдармен жұмыс істедім. Алғыс сөздер естігенде, көңіл күйім көтеріледі, өмірге деген күш-жігер пайда болады, жүргізуші болуға деген құштарлық оянады. Сонымен қатар, бұл менің дұрыс таңдау жасағанымды айғақтап, атқарған еңбегімнің қоғамға пайдалы екенін сездіреді, – дейді кейіпкеріміз.

Әйгерім жүргізуші ретінде жол қозғалысының ережелерін мұқият меңгеруге мән береді. Себебі ол өзінің және барлық жол қозғалысы қатысушыларының қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

– Статистика бойынша жол-көлік оқиғаларының 90 пайызы жүргізушілердің кінәсінен болады. Сондықтан жол ережелерін білу және сақтау аса маңызды. Сонымен қатар, жүргізуші ішімдік немесе есірткі тұтынған күйде рөлге отырмауы тиіс. Бұл тіпті, ауыр жағдайларға әкеліп соғуы мүмкін, – дейді Әйгерім бізбен әңгімесінде.

Әйгерім өзінің ұжымында үлкен құрметке ие. Бұл – оның нәзік жан болғандығынан емес, керісінше оның батылдығы, шешім қабылдай білуі және қиын сәттерде көмек көрсету қабілеті үшін көрсетілетін құрмет. Әріптестері оны «батыр» деп атап, жақсы көреді. Автопарктің басшылығы да оның қызметін жоғары бағалайды.

– Мен жұмысымда қатты шаршаймын деп айта алмаймын. Мүмкін, бұл мамандықтың мені қызықтыратындығынан шығар. Өзімді кеңсе, сауда немесе өндіріс жұмысында елестете алмаймын. Бос уақытымда мен бүркітшілікті үйренудемін. Бұл да ер адамдарға тән кәсіп, бірақ маған ол қызықты. Кейде өзімді бүркіт сияқты сезінетінім бар. Тағдырға қарсы ұшып, биікке ұмтылуды жаным қалайды. Мен өзімді бақытты жан санаймын, өйткені өмірде өз жолымды таптым,–дейді Әйгерім.

Қ. ҚАЙРАНБАЕВ.
Алматы облысы.

ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ

ЖЕР ХАЛЫҚТЫҢ ИГІЛІГІ ҮШІН ЖҰМЫС ЖАСАУЫ ТИІС

... Жер атадан қалған мұра емес,
Біз оны келер ұрпақтан қарызға алғанбыз ...
Сұлтан Бейбарыс

Дешті Қыпшақ даласынан Мысыр еліне құл ретінде сатылып, осы елдің билеушісі дәрежесіне дейін көтерілген Ұлы бабамыздан қалған осы сөздер Тәуелсіз еліміздің әрбір азаматының жадында болуы тиіс. Өйткені, қоғамда жүргізілген реформалар барысында бұрынғы ұжымшар мен кеңшарлардың пайдалануында болған егістіктер мен жайылымдар, шабындықтар мен көп жылдық екпелер (баулар мен жүзімдіктер) бөлініске түсіп, жекеменшікке немесе ұзақ мерзімге жалға берілгенімен, мыңдаған гектар тусырап жатқан жер телімдерінің қараусыз қалып, арам шөп немесе бұта басып кеткендіктен айналымнан шығып қалғаны жасырын емес.

Облысымыз аграрлы-индустриялды аймақ болып табылады. Қолда бар жер қорының 72 пайызы егін және мал шаруашылықтарын дамытуға қолайлы. Бұл аграрлық саланы дамыту мүмкіндіктерінің жоғары екендігін көрсетеді.

Рас, соңғы жылдары осы мәселеге мемелкеттік тұрғыда назар аударылып, мән беріле бастады. Бұл туралы Президентіміздің игерілмей жатқан жерді қайтарып алу жөніндегі нақты тапсырмалары бар. Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 65-бабына сәйкес Жер учаскелерінің меншік иелері мен жер пайдаланушылардың жер учаскелерін оның нысаналы мақсатына сәйкес пайдалануға міндетті.

Жерді игермеу фактісі орын алған жағдайда бақылаушы органмен жерді пайдаланбаған тұлғаға Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 338-бабымен ауылшаруашылығы мақсатындағы жерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау фактісіне ескерту жасауға немесе жеке тұлғаларға – он, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – қырық, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жетпіс, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Қазақстан Республикасының Жер және Салық кодекстерінің талаптарына сәйкес мақсаты бойынша пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын ауылшаруашылығы мақсатындағы жер учаскелері бойынша базалық салық мөлшерлемелері меншік иесіне немесе жер пайдаланушыға, сондай-ақ, объектілерді салуға арналған және тиісті мақсаттарда пайдаланылмайтын немесе Қазақстан Республикасының заңнамасы бұзыла отырып пайдаланылатын жер учаскелері бойынша уақытша өтеулі жер пайдалануға (жалға) алынған жер учаскелері бойынша жасалған уақытша өтеулі жер пайдалану шарттары негізінде есептелген төлемақы сомасы он және жиырма есеге ұлғайтылатындығы белгіленген.

Мысалы, салық органның мәліметіне сәйкес Меркі ауданының тұрғыны Н есімді азаматқа шаруа қожалығын жүргізу мақсатында берілген 225,12 гектар жер учаскесіне жылдық салық мөлшері 2280 теңге болып белгіленген. Алайда, аталған азамат жерін мақсатына сай пайдаланбағаны үшін салығы 20 есеге көтеріліп 55674 теңге төлеуде. Сондай-ақ Тараз қаласында Д есімді азамат сауда-тұрмыстық және сауықтыру кешенін жүргізу үшін көлемі 0,054 гектар жер учаскесіне 4950 теңге салық төлеп келсе, жерді игермегені үшін салығы 10 есеге ұлғайтылып 49518 теңге төлеуде.

Бұдан бөлек, бақылаушы органның нұсқамасы орындалмаған жағдайда, яғни жер пайдаланушы ескеріліп, жерін пайдаланбаса Кодекстің 462-бабының 3-тармағына сәйкес мемлекеттік бақылау және қадағалау органдары (лауазымды адамдар), мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары өздерінің құзыреті шегінде берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, ұсынуларды, қаулыларды орындамау немесе тиісінше орындамау жеке тұлғаларға – бес, лауазымды адамдарға – он бес, шағын кәсіпкерлік субъектілеріне немесе коммерциялық емес ұйымдарға – бір жүз, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – екі жүз, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға алып келеді.

Әрі қарай, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 92-94-бабтарының нормаларында көзделген пайдаланусыз жатқан жерді мәжбүрлеп алып қою туралы талап арыз бақылаушы органмен сот органына жолданады.

Мемлекет иелігіне қайтарылған жерлер Жер кодексінің 43-1-бабына сәйкес, конкурс арқылы пайдалануға ниет білдірген азаматтарға және ауылшаруашылық ұжымдарына берілетін болады. Жер нақты істеймін деген пайдаланушылардың қолында болуы тиіс.

Бұл бір ғана мысал, осы орайда барлық ауылшаруашылығы немесе кәсіпкерлік мақсатындағы меншік иелері мен жер пайдаланушылардың назарына жерді мақсатына сай пайдалан, пайдаланбасаң мемлекет меншігіне қайтаруға тура келеді.

Бұл - заң талаптары. Бауыржан Момышұлы атамыз «Тәртіпке бас иген құл болмайды» демекші, жерді тиімді пайдаланайық, ағайын.

Д. ӨТЕПОВ,
Жамбыл облысы әкімдігі жер қатынастары басқармасының басшысы.

ЭКОЛОГИЯ

ЕЛ АУМАҒЫНДА «ТАЗА БЕЙСЕНБІ» АКЦИЯСЫ ӨТТІ

Мемлекет басшысының «Таза Қазақстан» жалпыұлттық бастамасы аясында еліміздің түрлі аймақтарында экологиялық акциялар өтуде. «AMANAT» партиясының мүшелері мен еріктілері оған белсенді қатысып, «Таза бейсенбі» акциясын ұйымдастыруда.

Алматы облысының Жалпақсай ауылында өткен экологиялық іс-шарада ауыл тұрғындары бірнеше сағат ішінде 6 тонна қоқыс жинады. Бұл акцияға «AMANAT» партиясының мүшелері, «Жастар рухы» Жастар қанатының еріктілері мен жергілікті тұрғындар қолдау көрсетті.

Атырау облысының Шоқпартоғай ауылында «Қара Арна» бастауыш партия ұйымы мен жергілікті белсенділер Мәдениет үйі маңын тазалап, 8 тонна қоқыс шығарды. Жетісу облысында Ақжар ауылында өткен акцияға 30-ға жуық адам қатысып, орталық саябақ пен тротуарларды тазалады.

Қостанай облысында аманаттықтар жалғызбасты зейнеткерлерге көмек көрсетіп, олардың үйлерін жинауға жәрдемдесті. Белсенділер зейнеткерлермен әңгімелесіп, олардың жүректеріне жылулық сыйлады.

Қызылорда облысының Сырдария ауданында өткен эко-акцияға «Тереңөзек тазалық» коммуналдық мекемесі де қосылып, көшелерді тазарту жұмыстары жүргізілді. Солтүстік Қазақстан облысында, Петропавл қаласында, «Жастар рухы» Жастар қанатының еріктілері қар күреуге мұқтаж зейнеткерлерге көмектесті.

«Таза бейсенбі» акциясы тек көше тазалаумен шектелмей, экологиялық сана қалыптастыру, қоршаған ортаны таза ұстау мәдениетін арттыру және әлеуметтік жауапкершілікті нығайту мақсатында ұйымдастырылуда. Осылайша, партия мүшелері мен еріктілер экологиялық ахуалды жақсарту және азаматтардың өмір сүру сапасын арттыру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыруда.

Г. ЖҰМАҒАЛИ.
Астана қаласы.

ЖІТІҚАРА ҚАЛАСЫНДА «ЖІТІҚАРАКОММУНЭНЕРГО» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті магистральдық құбырлар мен тарату желілері (Забеловка ауылы) арқылы су беру қызметтеріне «Жітіқаракоммунэнерго» МКК-ның тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 18 наурызында сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ищанов көшесі 13, каб. 13 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі-Конференция идентификаторы: 871 132 2725, Кіру коды: gQQB4P.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ГОРОДЕ ЖИТИКАРА ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ЖИТИКАРАКОММУНЭНЕРГО»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проектов тарифов ГКП «Житикаракоммунэнерго» на услуги по подаче воды по магистральным трубопроводам и распределительным сетям (села Забеловка).

Публичное слушание состоится **18 марта 2025 года в 11.00 часов** по адресу Костанайская область, город Житикара, ул.Ищанова 13, каб. 13.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM - Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА «ЕРМЕНСАЙВОДГАЗ» ЖШС-НІҢ СУМЕН ЖАБДЫҚТАУ РЕТТЕЛІП КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ТАРИФ ПЕН ТАРИФТІК СМЕТАНЫ БЕКІТУГЕ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды «Ерменсайводгаз» ЖШС-нің сумен жабдықтау реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифі мен тарифтік сметасының жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар **2025 жылғы 20 наурыздағы сағат 10:00-де** Алматы қаласы, Ерменсай шағынауданы, «Машиностроитель» бақша қоғамы, Литейная көшесі 40 мекенжайы бойынша және Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) тікелей трансляциялануымен өтеді.

Байланыс телефондары:
Департамент: 8 (747) 664-19-32;
«Ерменсайводгаз» ЖШС: +7 701 716 7469.

В ГОРОДЕ АЛМАТЫ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «ЕРМЕНСАЙВОДГАЗ» НА УТВЕРЖДЕНИЕ ТАРИФА И ТАРИФНОЙ СМЕТЫ НА РЕГУЛИРУЕМУЮ УСЛУГУ ПО ВОДОСНАБЖЕНИЮ

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проектов тарифа и тарифной сметы на регулируемую услугу ТОО «Ерменсайводгаз» по водоснабжению.

Публичные слушания будут проводиться **20 марта 2025 года в 10:00 часов** по адресу: город Алматы, микрорайон Ерменсай, садовое общество «Машиностроитель», улица Литейная 40 с трансляцией на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (@dkrem. almaty).

Контактные телефоны:
Департамент: 8 (747) 664-19-32;
ТОО «Ерменсайводгаз»: +7 701 716 7469.

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНДА «TAU WEST SIDE» ЖШС-НІҢ АҒЫНДЫ СУЛАРДЫ БҰРУ РЕТТЕЛІП КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ТАРИФ ПЕН ТАРИФТІК СМЕТАНЫ БЕКІТУГЕ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУЛАР ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Алматы қаласы бойынша департаменті тұтынушыларды және өзге де мүдделі тұлғаларды «TAU WEST SIDE» ЖШС-нің ағынды суларды бұру реттеліп көрсетілетін қызметінің тарифі мен тарифтік сметасының жобаларын талқылау бойынша жария тыңдауларға шақырады.

Жария тыңдаулар **2025 жылғы 18 наурыздағы сағат 10:00-де** Алматы облысы, Наурызбай ауданы, Құлболды көшесі 1/2, 3 қабат, конференц-зал мекенжайы бойынша және Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында (@dkrem.almaty) тікелей трансляциялануымен өтеді.

Департамент: 8 (747) 664-19-32;
«TAU WEST SIDE» ЖШС: +7 701 111 4787.

В ГОРОДЕ АЛМАТЫ ПРОЙДУТ ПУБЛИЧНЫЕ СЛУШАНИЯ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «TAU WEST SIDE» НА УТВЕРЖДЕНИЕ ТАРИФА И ТАРИФНОЙ СМЕТЫ НА РЕГУЛИРУЕМУЮ УСЛУГУ ПО ОТВОДУ СТОЧНЫХ ВОД

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по городу Алматы приглашает потребителей и иных заинтересованных лиц на публичные слушания по обсуждению проектов тарифа и тарифной сметы на регулируемую услугу ТОО «TAU WEST SIDE» по отводу сточных вод.

Публичные слушания будут проводиться **18 марта 2025 года в 10:00 часов** по адресу: город Алматы, Наурызбайский район, улица Кулболды 1/2, 3 этаж, конференц зал с трансляцией на официальной странице Департамента в социальной сети «Facebook» (@dkrem. almaty).

Контактные телефоны:
Департамент: 8 (747) 664-19-32;
ТОО «TAU WEST SIDE»: +7 701 111 4787.

ТҮРКІСТАНДА «АСЫҚАТА АУЫЗ СУ» ЖШС-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаменті «Асықата ауыз су» ЖШС-ның суды таратушы желілер арқылы беру қызметіне арналған тариф жобасын талқылау бойынша жария тыңдау өткізеді.

Жария тыңдау **2025 жылғы 17 наурызда сағат 11:00-де** Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа қала шағынауданы, 32 көше, 16 ғимарат, Министрліктің аумақтық департаменттер үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Сонымен қатар, жария тыңдауға Түркістан облысының тұрғындары «Асықата ауыз су» ЖШС-ның тұтынушылары мен өзге де мүдделі тұлғалар онлайн-режимде Департаменттің «Facebook» әлеуметтік желісіндегі ресми парақшасында қатыса алады, сілтеме: https://www.facebook.com/groups/2005155806263888.

Әрбір тілек білдіруші онлайн-режимде өз сұрақтарын қоюға және оларға тиісті жауаптар алуға мүмкіндігі болады.

Анықтама телефоны: +7 (72533) 5-83-79.

В ТУРКЕСТАНЕ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ТОО «АСЫҚАТА АУЫЗ СУ»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий МНЭ РК по Туркестанской области проведет публичное слушание по обсуждению проекта тарифа ТОО «Асықата ауыз су» на услуги подачи воды по распределительным сетям.

Публичное слушание состоится **17 марта 2025 года в 11:00 часов** по адресу: Туркестанская область, город Туркестан, микрорайон Жаңа қала, улица 32, здание 16, Дом территориальных департаментов министерства.

Вместе с тем, жители Туркестанской области, потребители ТОО «Асықата ауыз су» и иные заинтересованные лица смогут принять участие и в режиме онлайн посредством официальной страницы Департамента в «Facebook», ссылка: https://www.facebook.com/groups/2005155806263888.

Каждый желающий может задать свои вопросы в режиме онлайн и получить на них соответствующие ответы.

Телефон для справок: +7 (72533) 5-83-79.

ҚОСТАНАЙ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ТМРКД «ЖІТІҚАРАКОММУНЭНЕРГО» МКК-НЫҢ ӨТІНІМІ БОЙЫНША ЖАРИЯ ТЫҢДАУ ӨТЕДІ

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қостанай облысы бойынша департаменті «Жітіқаракоммунэнерго» МКК-ның электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге арналған тарифын талқылау бойынша жария тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жария тыңдау **2025 жылдың 19 наурызында сағат 11.00-де** Қостанай облысы, Жітіқара қаласы, Ищанов көшесі 13, каб. 13 мекенжайы бойынша өтеді.

«ZOOM» қосымшасы арқылы жария тыңдауға қосылу нөмірі-Конференция идентификаторы: 8711322725, Кіру коды: gQQB4P.

Әрбір тілек білдіруші онлайн режимде өз сұрақтарын қойып, оларға жауап ала алады.

Анықтама телефондары: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

В ДКРЕМ КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ ПРОЙДЕТ ПУБЛИЧНОЕ СЛУШАНИЕ ПО ЗАЯВКЕ ГКП «ЖИТИКАРАКОММУНЭНЕРГО»

Департамент Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики Республики Казахстан по Костанайской области сообщает о проведении публичного слушания по обсуждению проектов тарифов ГКП «Житикаракоммунэнерго» на услуги по передаче электрической энергий.

Публичное слушание состоится **19 марта 2025 года в 11.00 часов** по адресу Костанайская область, город Житикара, ул.Ищанова 13, каб. 13.

Номер для подключения к публичному слушанию посредством ZOOM -Идентификатор конференции: 871 132 2725, Код доступа: gQQB4P.

Каждый желающий может в онлайн-режиме задать свои вопросы и получить на них ответы.

Справки по телефонам: 8 (7142) 54-11-52, 54-28-76.

SALYQ TÁRTIBI
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
БАС РЕДАКТОР
Ғалым ҚАСАБАЙ

МЕНШІК ИЕСІ: «САЛЫҚ ТӘРТІБІ» газетінің редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде 2018 жылғы 20 желтоқсанда қайта тіркеліп, №17405-Г куәлігі берілген.
Индекс 65604

Мақала авторларының пікірлері редакцияның көзқарасына сай келе бермеуі мүмкін. Қолжазбаға пікір айтылмайды және авторға қайтарылмайды.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНА ТАРАЙДЫ

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б», тел.: 8 /7262/ 45-34-52, факс: 43-56-97
e-mail: saltar61@mail.ru
Электрондық сайтымыз: **www.salyq-gazet.kz**
Басылым аптасына 3 рет шығады.
Таралымы 17 357
Апталық таралымы 52 071

ГАЗЕТ «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-нің баспаханасында теріліп, басылды
080003, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 «Б»

Тапсырыс 201